

**Қамқоршылық кеңес
№5 отырысының
хаттамасы**

«Т.Тоқтаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ

Өткізілген уақыты: 20.05.2024 жыл

Қатысқандар: 11 адам

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектептің қамқоршылық кеңесінің жұмысын қорытындылау.
2. Келесі 2024-2025 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмысын алдын ала жоспарлау.
3. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың жазғы сауықтыру лагеріне толық қамтылуына көмектесу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Ү.Көрпебаева өткен оқу жылының атқарған жұмыстарына есеп жасады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жаңа 2024-2025 оқу жылына қандай тақырыпта, не өткізу керек екені жайлы алдын ала жоспарлау жұмыстары жүргізілді. Мөлшерлі жұмыс жоспары жасалынып, талқылауға ұсынылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқушылардың жазғы демалыс уақытын ұйымдастыру жайлы әңгімеленді, яғни сауықтыру, мектеп жанындағы лагерьге оқушыларды қамту жұмыстары жайлы айтылып өтті. Мектеп жанындағы лагерьге бастауыш сынып оқушылары қамтылса, аудандық білім бөлімінің жоспары негізінде «Сеңгір», «Дарын» сауықтыру лагеріне оқушылардың қамтылуын қамтамасыз ету жоспарланды.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Жаңа оқу жылына жоспар жасалынып, ұсынылсын.
3. Жазғы демалыс уақытында оқушылардың сауықтыру лагеріне қамтылуы қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  /Ү.Көрпебаева/

Хатшы:  /Ж.Миллятханова/